

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Х А Т Т А М А № 2

Шымкент қаласы

14 наурыз 2023 жыл

Күн тәртібінде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс.

Төраға: №3 қалалық аурухана бас дәрігері, м.у.а О.Р.Тойчибаев

Хатшы: Аурухана комплаенс офицері У.О.Исманов

Шақырылған: «Шымкент - адалдық алаңы» жобалық кеңесінің басшысы Қамбар Жани Сайдуллаұлы

Қатысқандар; Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай № 3 қалалық аурухана) басшысының орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері және барлық бөлімшелердің аға мейірбекелері.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз алған №3 қалалық аурухана бас дәрігері м.у.а Тойчибаев Орифжон Рахматуллаевич, Комплаенс қызметінің мақсаты және бүгінгі таңда өзекті маселеге айналып отырған – жемқорлықтың індеті жөнінде айтып, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлықты алдын алу жөнінде «№3 қалалық аурухана» МКК-не шақырылған, «Шымкент - адалдық алаңы» жобалық кеңесінің басшысы Қамбар Жани Сайдуллаұлына сөз берді. Қамбар Жани Сайдуллаұлы өз сөзінде, аурухана қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметкерлерге өз қызметіне, қабылданған міндеттемелерге адал болу, сыбайлас жемқорлықпен күресіп, адал еңбек ету жөнінде айтып, аурухана комплаенс-офицері У.О.Исмановға сыбайлас жемқорлықты алдын алу жұмыстарын жандандыру қажеттігін және өз уақытында тиісті сабақтар мен кеңестер жүргізіп тұруын атап көрсетті.

Жиналыс соңынан сөз алған аурухананың бас дәрігері С.Пернебеков аурухана қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлықты және де қызметкерлер мен науқастар, олардың туған туыстары арасында қызметтен тыс қарым қатынасты болдырмау, алдын алу мақсатында аурухананың комплаенс-офицерімен бірлесіп, тиісті іс-шаралар атқаратынын жеткізді.

Төраға:

О.Р.Тойчибаев

Хатшы:



У.О.Исманов